

А.М.Байкулова¹, Р.С.Елубаева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

²Халықаралық Тараз инновациялық университеті (Тараз қ., Қазақстан)

aigerim.baikulova@mail.ru

ERS40@mail.ru

ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада жеткіншектерге патриоттық тәрбие берудің маңызы айтылып, ұлттық сана-сезім, ұлтқа деген жанашырлық - патриоттық тәрбиенің, саналы азаматты тәрбиелеудің негізі екені қарастырылады. «Патриотизм» ұғымына қатысты ғалымдардың философиялық, педагогикалық және психологиялық анықтамаларына сүйене отырып, патриотизм және қазақстандық патриотизм ұғымдарының мәнін бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделенеді. Оның ішінде патриотизмнің мәні мен атқаратын рөлі, жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар мен психологтардың еңбектері талданып, жеткіншектік кезеңінің психофизиологиялық ерекшеліктері айқындалған. Түрлі зерттеу жұмысында патриотизм ұғымын қабылдау және түсіндіру әртүрлі жолдармен жүзеге асыру болғандықтан, оларды шартты түрде бірнеше бағытқа бөліп көрсетілген. Тарихи руханияттылық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, саяси құқықтық тәрбие, өз елінің асыл құндылықтарын құрметтеушілік тәрбие, адамгершілік-гуманистік идеалды тәрбие, мемлекеттік-конституциялық құндылықтар негізіндегі тәрбие туралы түсінік берілген. Патриоттық тәрбие беруде жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы, сонымен қатар қазақстандық патриотизм кез келген тұлғаның бойында өзінің ұлтына, дініне қарамастан Қазақстан азаматы өзін осы елдің баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп санағанда ғана қалыптасатындығы баяндалған.

Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырған «Ұлттық құндылықтар негізінде жеткіншектердің қазақстандық патриотизмін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» университет ішілік жоба аясында алынған зерттеулер нәтижелеріне негізделген. Абай атындағы ҚазҰПУ университетінің басшылығына алғысымызды білдіреміз.

Кілттік сөздер: ұлттық сана-сезім, патриоттық тәрбие, патриотизм, қазақстандық патриотизм.

Байкулова А.М.¹, Елубаева Р.С.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
(г. Алматы, Казахстан)

²Международный Таразский инновационный институт (г. Тараз, Казахстан)

aigerim.baikulova@mail.ru

ERS40@mail.ru

**ВАЖНОСТЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО И ПАТРИОТИЧЕСКОГО
ВОСПИТАНИЯ ПОДРОСТКОВ**

Аннотация

В статье рассматривается важность патриотического воспитания молодежи, что национальное самосознание, сострадание к нации - это основа патриотического воспитания, воспитания сознательного гражданина. На основе философских, педагогических и психологических определений ученых, связанных с понятием «патриотизм», изучается сущность понятий патриотизм и казахстанский патриотизм с точки зрения сегодняшнего дня. В нем основное внимание уделяется сущности и роли патриотизма, проанализированы работы отечественных и зарубежных ученых, педагогов и психологов, изучавших проблему воспитания подростков, выявлены психофизиологические особенности подросткового возраста. Поскольку восприятие и интерпретация понятия патриотизма в различных исследовательских работах осуществляется по-разному, то их условно разделяют на несколько направлений. Дается представление об историческом духовном воспитании, духовно-нравственном воспитании, политико-правовом воспитании, воспитании уважения к благородным ценностям своей страны, нравственно-гуманистическом идеальном воспитании, воспитании на основе государственно-конституционных ценностей. В патриотическом воспитании подчеркивается важность подросткового периода, а также то, что казахстанский патриотизм формируется у любого человека, независимо от его национальности, вероисповедания, когда гражданин Казахстана чувствует себя сыном, настоящим гражданином этой страны, считает Казахстан своей родной страной, родиной.

Статья основана на результатах исследования, полученных в рамках внутриуниверситетского проекта «Научно-методические основы формирования казахстанского патриотизма подростков на основе национальных ценностей», финансируемого Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая. Мы выражаем нашу благодарность руководству КазНПУ им. Абая.

Ключевые слова: национальное самосознание, патриотическое воспитание, патриотизм, казахстанский патриотизм.

¹Baikulova A.M., ²Yelubayeva R.S.

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

²International Taraz Innovation Institute (Taraz, Kazakhstan)

aigerim.baikulova@mail.ru

ERS40@mail.ru

THE IMPORTANCE OF PSYCHOLOGICAL AND PATRIOTIC EDUCATION OF ADOLESCENTS

Abstract

The article discusses the importance of patriotic education of young people, that national self-awareness, compassion for the nation is the basis of patriotic education, the upbringing of a conscious citizen. The basis on the philosophical, pedagogical and psychological definitions of scientists associated with the concept of "patriotism", the essence of the concepts of patriotism and Kazakhstani patriotism studied from the point of view of today. It focuses on the essence and role of patriotism, analyzes the work of domestic and foreign scientists, teachers and psychologists who have studied the problem of adolescent education, and identifies the psychophysiological features of adolescence. Since the perception and interpretation of the concept of patriotism in various research works is carried out in different ways, they are

conditionally divided into several directions. An idea is given about historical spiritual education, spiritual and moral education, political and legal education, education of respect for the noble values of one's country, moral and humanistic ideal, education based on state and constitutional values. Patriotic education emphasizes the importance of adolescence, as well as the fact that Kazakhstani patriotism is formed in any person, regardless of his nationality, religion, when a citizen of Kazakhstan feels like a son, a real citizen of this country, considers Kazakhstan his native country, homeland.

The article is based on the research results obtained within the framework of the intra-university project "Scientific and methodological bases of formation of Kazakhstani patriotism of teenagers on the basis of national values", funded by the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. We express our gratitude to the leadership of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai.

Keywords: *national identity, patriotic education, patriotism, Kazakhstani patriotism.*

Кіріспе

Өскелең ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұлттық сана-сезім, ұлтқа деген жанашырлық - бұл патриоттық тәрбиенің, саналы азаматты тәрбиелеудің негізі мен өзегі. Осыған байланысты Қазақстандағы патриоттық тәрбие мәселесі мемлекеттің сындарлы дамуын айқындайтын, елдің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздігі мен егемендігін көрсететін «Мәңгілік ел», «Қазақстан – 2030» құжаттарында егжей-тегжейлі көрсетілген. Осы құжаттар негізінде білім мен тәрбиенің басты міндеті азаматты, өз елінің патриотын тәрбиелеу болып табылады, соның негізінде «патриоттық тәрбие», «қазақстандық патриотизм» және «азаматтық ұстаным» жеткіншектердің тәрбиелік және білім деңгейін бағалау көрсеткіштері болып табылады.

Патриотизм ұғымның мағынасы, ұстанған бағыты, жеткіншектер нәрленетін, сол қоғамның руханилығымен, адамгершілік болмысымен, тарихи тамырымен, сабақтастығымен анықталады. Патриотизмнің мәні мен атқаратын рөлі, тарихи дамудың күрделі бұрылыстарында өсіп отырады. Әсіресе қоғам дамуының объективті тенденциясы қиыншылық кезеңге тап болғанда (соғыс, жаудан қорғану, әлеуметтік-экономикалық дағдарыста, аш-жалаңаштықта, т.б.) өз азаматтарынан барлық күш-жігерін аямаушылықты талап етеді. Бұл кезде патриотизм өз халқы мен жері үшін, Отан-ана үшін құрбандыққа дейін баруға даярлықтан көрінеді.

Қазақстанның көпұлтты халқы үшін Отансүйгіштік сезімі рухани саладағы бейбітшілік пен келісімге, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негіздерін нығайтуға да тікелей әсер етеді. Отансүйгіштік рух - Қазақстанға әлемнің өркениетті елдерінің қатарына кіруге және әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуға мүмкіндік беретін жалғыз күш.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта Республиканың егемендігі мен тыныштығын сақтауда жеке тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән берілетіні Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР-сы «Білім туралы» Заңында, ел Президентінің Жолдауларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқықтары туралы Конвенцияда» және мемлекеттік құжаттар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында және ағымдағы басылымдарда айқын көрінеді. Мысалы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтыққа және патриотизмге, Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді, халық дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу» деп айтылған, ал орта білімді дамыту тұжырымдамасы тәрбие жұмысы патриотизм, азаматтық негізде құрылуы керек деп тұжырымдап және гуманистік интернационализм негізінде құру керек екендігі көрсетілген [1-2]. Бұл заңнамалық құжаттардағы ортақ сәт болашақ ұрпақты рухани негізге тәрбиелеу, патриотизмге тәрбиелеу және оның қажеттілігін анықтау деп айтуға негіз бар.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің жетекші әдістері: зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарына, педагогика, психология бойынша әдебиеттерге талдау жасау, ой қорыту және зерттеу деректерін талдау, синтез, жалпылау, индукция, дедукция әдіс түрлері қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі әлеуметтік-қоғамдық жағдайда басты міндет - жеке тұлғада қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Осы тұрғыда ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен [3] олай болса, біздің болашағымыз кімге және неге байланысты?

XXI ғасырда рухани әлемі бай, креативті, сын тұрғысынан ойлай білетін, топта жұмыс жасай алатын, қарым-қатынасқа ашық, өзін-өзі тәрбиелеуге және шығармашылық қабілеті ерекше тұлғалардан тұруы керек. Осыған сәйкес, біз жеткіншектердің өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне назар аударуды жөн көрдік.

Жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесі XX ғасырдан бастау алып күні бүгінге дейін педагогтар мен психологтардың зерттеулеріне арқау болып, әр қырынан қарастырылуда. Атап айтсақ, қоғамдағы жеткіншектік кезеңнің әлеуметтік психологиялық мәні мен маңызы туралы зерттеулер ресей психологтарының Р.С.Немов, А.В.Петровский, А.Крутецкий, С.Кон және т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылса, отандық ғалымдар Л.К.Керімов, М.Мұқанов, Ж.Ы.Намазбаева және т.б. еңбектерінде де жеткіншектерді тәрбиелеудің педагогикалық және психологиялық аспектілерін әр қырынан зерттеуге өз үлесін қосқан.

Өз еңбектерінде жоғарыда аталған ғалымдар жеткіншектік кезеңінің психофизиологиялық ерекшеліктерін анықтай отырып, осы жастағы балаларға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті. Шынында да, осы жаста болатын өзгерістер кейде баланың бұрынғы сипаттамаларын, оның мүдделері мен қатынастарын, сондай-ақ өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертетін сипатта болады. Осы кезеңде бала бұрын қалыптасқан қасиеттер үшін көптеген жаңа қасиеттерді немесе жаңа құрылымдар пайда болады. Сондықтан бұл кезеңде жеткіншектерге мақсат қоятын мәселелерді шешу қиын: болашақта кім болатынын, өмірде атқаратын әлеуметтік рөлін және қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау қажет болған кезде, бала алаңдап, өз орнын табуға тырысады.

Демек, жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы – бұл адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздеріне таралады және олардың қалыптасуының жалпы бағытын белгілейді. Мұндай бағалау, ең алдымен, қазіргі уақытта болып жатқан көптеген сапалық өзгерістердің кейде баланың бұрынғы сипаттамаларын, мүдделермен қарым-қатынасын түбегейлі өзгертетін сипатқа ие болуымен байланысты. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер, бір жағынан, жеткіншектің өзінде әртүрлі маңызды субъективті қиындықтардың болуына, екінші жағынан, оны тәрбиелеудегі қиындықтарға байланысты болады. Осы тұрғыда Л.С.Выготский өз еңбектерінде жеткіншектерді зерттеудегі жаңа проблемаларды атап өтіп, сананың негізгі жаңа құрылымын анықтау және дамудың әлеуметтік жағдайын анықтау қажеттілігі туралы сөз қозғайды. Ол осы қатынастар жүйесін қайта құру өтпелі шақтағы «дағдарыстың» басты мазмұнын құрайды деп пайымдайды [4, 61 б.].

Бұл жастағы дағдарыстың өтуінің ең басты ерекшелігі, адам тек қана өз өміріндегі өзгерістерді, неше түрлі оқиғаларды және жағдайларды басынан өткізе алады. Дағдарыстың өзін-өзі идентификациялау мақсатында жеткіншектердің барлығы басынан өткізеді. Идентификация – латынның *identification* – ұқсас, бірдей деп санау, теңестіру деген сөзінен шыққан. Идентификация барысында басқа адамдардың идеалдары, құндылықтары, нормалары, өнеге сапалары, рөлдері меңгеріледі, игеріледі. Бұл ұғым психологияда баланың басқа адамдардың психологиясы мен қылықтарына өзін теңестіруінен көрінеді [5, 138 б.].

Жеткіншектік кезеңде идентификация өзі үлгі тұтқан басқа адамдардың қасиеттері мен қылықтарын қабылдайды. Бұл процесс жеткіншектің бұрынғы іс-тәжірибесінің, оның

барлық мүмкіндіктерінің бірігуіне және өзінің таңдау жасауы керек. Сол себепті өзін-өзі анықтай алмау және онымен байланысты барлық қиындықтар жеткіншектің эмоционалды, әлеуметтік және кәсіби салаларда өз орнын таба алмауына әкеледі.

Бұл кезең – баланың өзінің жеке тұлғасын қалыптастырудың өз бетінше бастамасы. Осы кезеңде жеткіншектерге мына ерекшеліктер тән болады: мінез-құлқының өзгеруі, сезім мен ойлану тұрақсыздығы, ашуланшақтық, дәрежелілік, өзінің «Мен» қасиетін көрсету және т.б.

Демек, жеткіншектік кезеңде балалық максимализм басым келеді. Бұл өзіндік «Мен» концепциясының дамуымен байланысты. Оған дәлел, Т.Р.Нұрмұханбетованың «Тәжірибелі психология» атты оқулығында былайша көрсетіледі:

– бәрін өз бетімен жасауға деген ұмтылыс, ересектердің қамқорлығы мен кеңестерінен құтылу; үйге жүктелген тапсырмаларды жаттап алмай, өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысуы;

– ересектер сын көзбен қарау, олардың пікірін қабылдамау, сынап-мінеу, өрескел мінез көрсетуі;

– істі игеру тұрғысынан әлі бала болған жеткіншек, ал талап қою жағынан ересек, өзінің қабілеттерін бағалайды және бәрін өзі жасай алатындығын сезінеді - деп көрсетеді [6, 58 б.] десе, В.А.Крутецкий былай түйіндейді: «Жеткіншектік кезең – бұл баланың өмірге деген өз көзқарасы, қоғамның нанымдары, принциптері мен мұраттары оның іс-әрекетін басқаратын кезеңі болып есептеледі [7].

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Осылайша, ғалымдардың зерттеулерінен, нақ осы жеткіншектік кезеңнің даму ерекшеліктеріне сәйкес, оларға ұлттық тәрбие бере отырып, еліне деген патриотизмін қалыптастыруды қажет ететін кезең болып саналады деген ой түйіндеуімізге болады. Бұл қажеттілік – жеткіншектің өміріне біріншіден, моральдық, азаматтық, көркемдік, шығармашылық және рухани сезімдердің белсенді дамуымен; екіншіден, өзін-өзі тануды дамыту арқылы көзқарасының тұрақтылығымен; үшіншіден, сана мен өзін-өзі танудың даму деңгейіне байланысты көзқарастардың, бағдарлар мен қажеттіліктердің бірыңғай жүйесі қалыптасады деп айта аламыз.

Сол себепті патриоттық тәрбие жас адамның ойлары мен сезімдерінің ішкі әлемін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған ұлттық ерлік дәстүрлерге негізделуі тиіс.

Демек патриотизм – тарихи құбылысты құндылық тұрғысынан сипаттайтын категория. Сондықтан, «патриотизм» ұғымына қатысты ғалымдардың философиялық, педагогикалық және психологиялық анықтамаларына сүйене отырып, біз *патриотизм* және *қазақстандық патриотизм* ұғымдарының мәнін бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерттедік.

Патриоттық тәрбие мәселесі жайында, әлемдік деңгейдегі ой алыбы, көрнекті қазақ ақыны және демократ XIX ғасырдың ағартушысы А.Құнанбаев өзінің өлеңдері мен прозаларында патриот болуға үндеу тастап отырған. Ол адамдық қасиеттерге: «... адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп, Отанға, халқына, жалпы адамзатқа деген махаббат, қоршаған ортамен достық қарым-қатынасты орнату, мейірімділік, шыншылдық, еңбекке құлшыныс пен білім алуға талпынысты жатқызған. Ал Ш.Уалиханов, адамзаттың жан-жақты қалыптасуына көп көңіл бөле отырып, жастарды білімге тарта отырып, елінің патриоты болуға шақырады. Ұлт алыбы А.Байтұрсынов, халқымыздың ұлттық болмысын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, рухани-адамгершілік дәстүрлерін сақтау, тереңдету және дамыту мәселелерін анықтап, азаматтық-рухани тәрбие әдістерімен әрекет ете отырып, жастардың сана-сезімдеріне, азаматтық ұстанымдарына тиімді әсер етеді деді [8-9]. Ж.Аймауытов патриоттық және азаматтық тәрбие үдерісінің құралы ретінде Отанға, туған өлкеге, тарихи үдеріске – мәдени, рухани, дәстүрлерге деген сүйіспеншілікке баулу деп түсіндірді [10].

Сонымен қатар, патриоттық тәрбие берудің және құндылықтарды қалыптастырудың теориялық әдіснамалық негізі Т.Меңлібаев, еңбегінде зерделенсе, зерттеу мәселесінің

психологиялық негіздері Ж.Аймауытов, Ә.Алдамұратов, О.С.Газман, А.Н.Леонтьев, К.Оразбекова еңбектерінде қарастырылған. Олай болса, алдымен философиялық сөздікте «патриотизм (грек. patris-отан) - бұл моральдық-саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік, оған адалдық, өткені мен бүгіні үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға деген құлшыныс. Патриотизм - мыңдаған жылдар бойы нығайып келе жатқан адамның терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт-дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [11].

Сонымен жоғарыда талқыланған патриотизм ұғымын талдай келе: «патриотизм дегенде, әуел бастан-ақ туған жерін, ана тілін елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеумен шарттасқандығын ұғындық. Және патриоттық сезім ерте заманнан-ақ қалыптасып, оның терең мағынасына ұлтжандылық жатады десек қателеспейміз. Біздің пайымдауымызша патриотизм – ол Қазақстан, онда тұрып жатқан барлық ұлттардың ұлттық Отаны деген іргелі негізге сүйенген ұлттық патриотизмдерінің синтезі.

Демек, отаншылдық сезімді тәрбиелеу мәселесі білім берудің барлық ұйымдарында көкейкесті мәселе. Жеткіншектердің санасына патриотизм – өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін сіңірте отырып, патриот болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату, ал патриотизм – өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін жастайынан санасына мықтап құю қажет.

Жеткіншектерге патриоттық тәрбие берудегі негізгі міндеттері – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, қоғамға рухани және мәдени көзқарас, елдің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, Қазақстанның көпұлтты мемлекет болуына негізделген қазіргі қоғам мүшелерінің бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандық патриотизм – елімізде бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау, білім беруді, мәдениетті, экономиканы дамыту, барлық ұлттар мен ұлыстардың, Қазақстанда тұратын халықтардың әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау үшін барлық күш-жігерді жұмсаудан тұрады.

Сондықтан да Қазақстандық патриотизм – бұл әрбір азаматтың өз Отанының тағдыры, қауіпсіздігі мен болашағы үшін жауапкершілік сезімі. Ұлты мен дініне қарамастан, барлық отандастарымызды құрметтеу, олардың дәстүрлерін, салттарын, тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттік тілді құрметтеумен қатар, туған жерге деген сүйіспеншілік, Қазақстанды барлық азаматтар үшін біртұтас Отан ретінде түсіну.

Яғни, қазақстандық патриотизм кез келген тұлғаның бойында өзінің ұлтына, дініне қарамастан Қазақстан азаматы өзін осы елдің баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп санағанда ғана қалыптасады. Егер біз Қазақстанның патриоты қандай болу керектігін анықтасақ, онда оның ерекшеліктері мынадай:

1-ден, Қазақстанда, көпұлтты мемлекетте 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Әр адам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды. Қазақстан азаматының конституциялық құқықтарын құрметтейді. Әрбір ұлттың Қазақстанды біздің ортақ үйіміз ретінде санай білуі.

2-ден, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамастан өз Отанын қорғауға дайындығы. Қазақстан халқы Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдерді іске асыруға өз үлесін қосуы.

3-ден, бұл әр азаматтың конституциялық борышын орындау ғана емес, оның жеке қасиеттерін қалыптастыру.

4-ден, Қазақстан халқын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш еткізу.

5-ден, Қазақстан Республикасы азаматының Отанды қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында болатыны үшін ұлттық-патриоттық мақтаныш сезімін қалыптастыру.

6-дан, Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сәйкес Қазақстан халқының мүддесі үшін патриотизм сезімін ояту.

Сондықтан жеткіншектер бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, яғни ерте жастан бастап батылдық пен патриотизм рухын себу отбасына, елге, жерге деген сүйіспеншілікті жетілдіру арқылы Отанға және мемлекетке шынайы сезімдерді қалыптастырудан тұрады.

Қазіргі кезде патриотизм көп жақтылығымен, көп түрлілігімен, көп мағыналылығымен түсіндіріледі. Оның себебі бұл құбылыстың жаратылысының күрделілігінде, көп мағыналылығында, көп құрылымдылығында, көп формада көрінуінде. Сонымен қоса патриотизм мәселесі әр түрлі тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайда-әрбір азаматтың өзіндік ұстанған азаматтық позициясына, білімділігіне, тәрбиелілігіне байланысты қаралады.

Түрлі зерттеу жұмысында патриотизм ұғымын қабылдау және түсіндіру әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады. Оларды шартты түрде бірнеше бағытқа бөлуге болады.

Біріншіден, патриотизмді адам бойындағы ең жоғары сезім деп санайтындар, оның пайда болуы мен қалыптасуы бала кезінен басталады, ана сүтімен, содан кейін өмірдің әлеуметтік, рухани және адамгершілік аспектілерімен толтырылады.

Екіншіден, патриотизм нақты іс-әрекеттерде, адамдардың Отан үшін белсенді әлеуметтік әрекеттерінде көрінеді.

Үшіншіден, патриотизм, өте күрделі, әрі терең әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам өмірінің мәні ғана болмай, өмір сүру мен дамудың қайнар көзі ретінде әр бір тұлғаның, әлеуметтік топтардың тірлігінің мұратына айналатын құндылық дейтіндер.

Төртіншіден, әр уақытта патриотизмнің басты тақырыбы жеке тұлға деп санайтындар, демек, әр адамның өмір салты, болашағы тек Отанымен, Отан үшін қызмет жасау, Отанын гүлденсе, жеке өмірдің гүлденетінін тарихи тұрғыдан да, мәдени, ұлттық тұрғыдан да санасына сіңіру, басты міндет деп санайтындар.

Бесіншіден, шынайы патриотизм - жоғары руханияттылықта. Осылайша, патриотизм жоғары сезім, таптырмас құндылық, таусылмайтын қайнар көзі, әлеуметтік маңызы бар, пайдалы қызметтің көшбасшысы ретінде, жеке және әлеуметтік топтар рухани, адамгершілік және мәдени өсудің жоғары шегіне жеткен кезде жүзеге асырылады деушілер.

Демек, патриотизм - бұл жеке адамның рухани байлығының бөлігі, мемлекет пен қоғам өмірінің барлық аспектілеріне қатысты маңызды және тұрақты құндылық. Яғни, Отан мен ел игілігі үшін қажымас еңбекке дайындайтын жоғары руханияттылық.

Дейтұрғанмен, өтпелі кезең қоғамында қалыптасқан идеологиялық «бос қуыс» патриотизм саласында да әр түрлі «алдампаздық» көзқарастарды да туындатты. Олардың көбісі, былайша айтқанда «өтірік патриотизмнің» әр түрлі формалары ғана. Солардың бірнешеуіне тоқталайық. Патриотизмді «тірлік көзіне айналдыру» немесе «жаһандандыру» - біздің отандастарымыздың Отанға қызмет ету ұғымының мәнін түсінуге дұрыс әсер етпейді. Бірінші жағдайда «маған жақсы болса - мемлекетімізде де жақсы» болады деген ұстаным басшылыққа алынса, екінші жағдайда қоғамдық сананы жаһандандыру бірінші орынға әлемдік, адамзаттық құндылықтарды шығарып, ал Отансүйгіштікті іс жүзінде ығыстыруға даяр тұру. Отандық, елдік, ұлттық құндылықтарды ығыстырып, мифологиялық қоғамды құруға шақырған, қоғамның немен біткеніне тарих куә.

«Өтірік патриотизмнің» ішіндегі ең қауіптісі - «гиперпатриотизм», оның өкілдері өз мақсаттары мен мүдделеріне жету үшін патриоттық сезімдерді «алыпсатарлықпен» қолданады. Гиперпатриотизмнің түрлеріне национал-социализм, нацизм, шовинизм, фашизм сияқты бағыттарды жатқызуға болады.

Біздің елімізде, мемлекетімізде сөз бостандығын пайдалана отырып туындаған өтірік патриотизмнің бағыттарының көп болуы, тамырлана бастауы шынайы патриоттық сананың қалыптасу дағдарысын тудыруына мүмкіндік береді. Әсіресе Өтірік патриотизм ағымдардың «тырнағына» ілінетіндер әлі де болса саяси саналылығы өсіп, толық жетілмеген жастар. Олай болса жастардың бойына патриоттық сезімді сіңдіретін, мемлекет көлемінде жастардың рухани байлығын еселендіретін механизмін пайдалану керек.

Бұл руханияттылықты жастардың бойына сіңдіру үшін, тәрбие жұмысын бірнеше бағыттарда, яғни тарихи, саяси, құқықтық, ұлттық, ұлтаралық, кәсіби, психологиялық, мәдени т.б. салаларды қамти отырып іске асырылуы тиіс. Солардың бірнешеуіне тоқталайық.

Тарихи руханияттылық тәрбие - өз Отанының тарихын білу, әрі өзінің өз Отанының бөлінбейтін бір бөлігі ретінде сезіну, ата-бабаларының салып кеткен сүрлеу жолын, көрсеткен өнегесін, ел қорғаудағы ерлігін, шыбын жанын сала қорғап, әрі бізге қалдырған байтақ жерді, асыл мұраларды мақтанышпен сезіну, сонымен қатар қазіргі кезде елімізде болып жатқан күрделі де, тауқыметті өзгерістерден сүрінбей өтіп, тарих алдына да, ата-баба аруағы алдында да, келешек ұрпақ алдында да жауапкершілігін толық түсіну, мойындау.

Рухани-адамгершілік тәрбие - жастардың өтпелі кезеңдегі ең басты құндылықтарды, даму бағытын, ұстанған идеяларды, нақты өмірдегі өзекті әлеуметтік өзгерістерді нақты түсініп, тәуелсіздік идеяларын ата-баба қалдырған мұрағаттарымен толықтырып, іс-жүзінде, күнделікті өмірде басты ұстаным ретінде басшылыққа алу. Ол үшін әрине білімділік, мәдениеттілік, еліміздің болашағы қазіргі жастардың өз қолында екенін түсініп, қазірден бастап, өз бойына адамгершілік, кәсіби-әдептілік іс-әрекет өлшемдерін қалыптасыруға тырысу.

Саяси-құқықтық тәрбие - азаматтық және конституциялық міндеттерін терең түсініп игеруге, қоғам мен мемлекетте жүріп жатқан саяси әрі құқықтық өзгерістерді ұғынуға; жастардың саяси процесстердегі орны мен рөлін түсінуге көмектеседі. Ол үшін, жеткіншектерге оқу орнының қабырғасында жүргенде-ақ, қоғамдық-саяси істерге араластырып, саяси іс-әрекет мәдениетін бойында қалыптастыру.

Өз елінің асыл құндылықтарын құрметтеушілік тәрбие – негізінен рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарды тәрбиелеп-қалыптастыруға бағытталған. Бұл қоғам мен мемлекетте болып жатқан күрделі өзгерістерді, ұлттық сана, өмір салты, дүние таным, өмірге «кірпіш болып қалануды» қамтиды. Оның өзі Отанға, елге, жерге деген терең сүйіспеншілікпен, берілгендік тұрғысында, өз халқының басынан өткен қиыншылықтарынан сабақ алып, жетістіктеріне мақтаныш сезім, мемлекеттік рәміздерге құрмет, қандай қиыншылық болса да төзу әрі оны шешуге даяр тұру т.б.

Адамгершілік-гуманистік идеалды тәрбие - жастар бойына ғылыми-дүниетанымдық білімді қалыптастыра отырып, әрі қайшылықты, әрі біртұтас дүниеде, адамзат өркениетіне төніп тұрған экологиялық, ядролық апаттардан құтқаруды сезіну, түйсіну бағытында жүргізілуіне тиіс. Бұл жерде ең басты құндылық ретінде адам, адам өмірі мен құқығын, бостандығын мойындау, мемлекет аралық қайшылықтарды шешудің бірден-бір құралы ретінде қолданылып келген соғыстан, ядролық жаппай қырып-жоятын қару-жарақтардан, күш қолданудан бас тартып, оның орнына өзара сенім шаралары мен келісім, халықаралық гуманитарлық құқық өлшемдерін қолдану, адамдар арасында жікшілдікті, жеккөрушілікті тудыратын әр түрлі фанатизмдік идеаларды әшкерелеп, татулықты, халықаралық, адамзаттық биласымдылықты, қоршаған ортаны қорғауда өзара бірігіп белсенді түрде қорғау шараларын жүргізуді, т.б. адамзат өмірінің негізі ретінде мойындауды айтамыз.

Азаматтылықты тәрбиелеу - рухани құндылықтардың бір бөлігі ретінде жеткіншектердің санасына сол елдің бір азаматы екендігіне мақтаныш сезімін ұялату. Ол Отансүйгіштік, Қазақстан Республикасының Конституциясын әр бір жолын оқып үйрену,

түсіну, өмір жолында басшылыққа алу, мемлекеттік рәміздерді қоғамдағы қалыптасқан құқықтық, моральдық өлшемдерге, ұлттық сана-сезімге елдің тарихына тарих тұлғаларына силасымдылықпен қарау, Қазақстан халықтарын ұлттық сезімін, тілін, мәдениетін сыйлауға үйрету.

Мемлекеттік-конституциялық құндылықтар негізіндегі тәрбие – біздің құрып жатқан қоғамымыз өз міндетін дұрыс атқаруы үшін қоғам мүшелері, оның ішінде жастар қауымы, барлық заңдарда бекітілген тірлік өлшемдерін, конституциялық құқықтар мен бостандығын, міндетін терең түсінуі, күнделікті өмірде оны басшылыққа алуға мүмкіндік береді. Сонда ғана жас жеткіншектер тәуелсіз Қазақстанымыздың егемендігін, тұтастығын, конституциялық құрылымын қорғауға дайын тұрады.

Қорытынды

Аталмыш мәселеге қатысты педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерделей келе, жеткіншектердің бойында патриоттық сезімді қалыптастырушы, тәрбиелеуші механизм субъектісі болып - сол қоғамның өзі саналады. Ал бұл механизмнің шынайы субъектісі мемлекет (билік салалары) және азаматтық қоғам (саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және тағы басқа да мемлекеттік емес ұйымдар), сонымен қатар, жанұя, «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген бекер айтылмаған, балабақша, мектеп, жоғарғы білім беру орындарының орны ерекше.

Қорыта айтқанда, әрбір халықтың, өзіндік табиғи-тарихи жағдайда өмір сүруіне, дамуына байланысты тілі, мәдениеті, ұстанған дінімен қатар ойлау салты, әлемді бейнелеу, оны танып білу стилі түпкі санасында тұрақты, берік сақталады, яғни ұлттық менталитеті қалыптасады, сонысымен өзгешеленеді. Ол сол халықтың зердесі мен жадында ең үлкен құндылық ретінде бағаланады, құрметтеледі, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық ретінде берілетіндігін атап өтеміз.

References:

1. *Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» 2007 jylǵy 27 şildedegı № 319-III Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy (2015.21.07. berilgen ózgerister men tolyqtyrularymen). Elektrondy resurs: [http://online.zakon.kz/Dokument/?dos_id=30119920].*
2. *Bala qūyqytary turaly konvensia. Birikken Ūlttar Ūiymynyñ Bas Asambleiasy. – 1989, 20 qaraşa.*
3. *Äl-Farabi. Äleumettik-etikalyq traktattar. -Almaty: Ğylym, 1975. - 163 b.*
4. *Vygotski L.S. Sobranie sochineni: v 6 t. – M., 1982. – 61 s.*
5. *Jaryqbaev Q.B. Jantanu sözdıgi. - Almaty, 2004. -138 b.*
6. *Nürmūhanbetova T.R. Täjiribelı psihologia. – Şymkent, 2006. - 58 b.*
7. *Kruteski V.A. Vozrastnye psihologicheskie osobenosti podrostka // Sov. Pedagogika. – 1970. №1. – С. 92-95.*
8. *Abai (İbrahim) Qūnanbaev. Şyǵarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jınaǵy. T.1. –Almaty: Ğylym, 1977. - 454 b.*
9. *Uälihanov Ş. Şyǵarmalary. (5 tomdyq.) 1-tom. - Almaty: Ğylym, 1984-85.*
10. *J.Aimauytov. Psihologia. A., «Ğylym» baspasy, 2004.*
11. *Saiasi tüsındırme sözdik. – Almaty, 2007. ISBN 9965-32-491-3*